КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 қазан № 4360-24-00-2/2205 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А. Әбілқайысқызы,
сот отырысының хатшылығында Г.Таженованың отыруымен, ашық сот отырысында мобильді бейнебайланыс арқылы аудио-бейне жазба жүргізумен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Коныспаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Инна Маликовна Коныспаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2.Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
аудармашы Д.Жунусов
талап қоюшы өкілі Д.Дауылбаева
жауапкер өкілі И.Коныспаева

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 4 шілдеде тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №254 (бұдан әрі - Шарт) жасалған.

Шарттың 2.1-тармағы мен №1,2 қосымшаларына сәйкес жауапкер «Үздіксіз қоректеу көзі» тауарын Шарт қазынашылық органдарында тіркелген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде талап қоюшыға жеткізуге міндеттенген. Шарт қазынашылық органына 2024 жылғы 10 шілдеде тіркелген. Алайда жауапкер тауарды талап қоюшыға жеткізбеген.

Сондықтан талап қоюшы жауапкерге шарт бойынша міндеттемесін орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкерден сотқа жазбаша пікір түспеген.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюдағы уәждерін қуаттап, талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысында талаппен келіспей, тұрақсыздық айыбын қазіргі таңда төлегендігін, тауарды жеткізуге дайын екендігін көрсетіп, талапты қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1,2 талаптар бойынша.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуы тиіс.

АК-нің 349-бабының 1-тармағына сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ЗРК Қазақстан Республикасының Заңының (ары қарай-Заң) 12-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім беруші мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Іс құжаттарынан және сот отырысындағы тараптар уәждерінен анықталғандай, жауапкер Шарт қазынашылық органына тіркелген күннен бастап бүгінгі күнге дейін міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамағандығы өз дәлелін табады. Ал жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындағаны туралы дәлелдемелерді сот ұсынбады. Одан бөлек 2024 жылғы 28 тамызда жауапкердің Шарт бойынша міндеттемелерін орындамауына байланысты Шарт біржақты бұзылған.

Сондықтан сот талап қоюшының талабы шартпен, шарттың №1, №2 қосымшаларымен, актілермен және жауапкердің өз міндеттемелерін орындамауымен расталатындығын ескеріп, барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан баға бере отырып, талап қоюшының талабы қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады деп тұжырымдайды.

Жауапкер 24 996 теңге көлеміндегі тұрақсыздық айыбын 2024 жылғы 1 қазанда төлегендіктен талаптың бұл бөлігі қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайыскызы А., 15.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Әбілқайыскызы А., 05.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қызылорда облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Коныспаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Инна Маликовна Коныспаеваға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Коныспаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Инна Маликовна Коныспаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Коныспаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Инна Маликовна Коныспаевадан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Коныспаева» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Инна Маликовна Коныспаевадан тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюшының талабы қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Әбілқайысқызы**

Құжатқа қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 15.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2024, судья Әбілқайысқызы А., 05.11.2024